



АЙМАҚ/2

15940 отбасына  
1,7 миллиард теңге



ҚҰЖАТ/3

2019 жылға арналған  
облыстық бюджет



ӨНЕР/4

Саябақтағы  
ән самалы



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

23 мамыр /БЕЙСЕНБІ / 2019 жыл



№74  
(19752)

## КОМИССИЯ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның отырысы өтті. Оған аудан әкімдері мен басқарма басшылары онлайн режимде қатысты. Жыныда үш мәселе қаралды. Бірінші кезекте су тасқыны кезеңінің аяқталуына байланысты облыс аумағында орналасқан су шаруашылығы нысандары мен гидротехникалық құрылыстардың техникалық жағдайына жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі туралы облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Асылбек Шәменов мәлімдеді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

## Қауіпсіздік қатаң бақылауда болуы тиіс

Оның айтуынша, өткен қараша-желтоқсан айларында өзен арнасындағы мұз солтүстік аудандардан басталып, Қызылорда қаласының тұсына дейін ұстасқан. Алайда, ауа райының құбылмалы болуына байланысты мұз кептелістері салдарынан Қызылорда қаласы мен Арал, Қазалы және Жалағаш аудандары аумақтарында өзен деңгейі көтеріліп, су жайылу жағдайлары болды. Бірақ жергілікті атқарушы органдар дер кезінде шара қабылдап, су басу қаупінің алдын алған.

Жалпы су тасқынының алдын алу мақсатында қала және аудандарда қажетті материалдық-техникалық қорлар жасақталып, азаматтық қорғау қызметтері күшейтілген режимде қызмет атқаруға көшірілді. «Қазавиақұтқару» АҚ-ның 2 тікұшағы, халықты көшіру кезіндегі 79 жинақтау және 99 қабалдау эвакуациялық пункттері дайындыққа келтірілді. Сондай-ақ, мұздың қатуы және оның жүріуі кезеңінде қала мен аудан әкімдіктері тарапынан Сырдария өзенінің бойына тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды. Наурыз айында өзен арнасы мұздан толықтай тазарып, облыс аумағында су тасқыны кезеңі шығынсыз аяқталды, – деді А.Шәменов.

Айта кетейік, бүгінде арнайы жұмысшы топ алдағы су тасқыны кезеңіндегі қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету мақсатында Сырдария өзені арнасы мен көктемгі сең жүру кезінде зақымдалған қорғаныс бөгеттеріне және су шаруашылығы нысандарының жай-күйіне алдын ала зерттеу жұмыстарын жүргізген. Зерттеу барысында, облыс бойынша қалпына келтіруді қажет ететін барлығы 19 ұшакке анықталды. Оның 18-і қорғаныс бөгеті, 1-і өзен арнасының сол жағасын қайырылған құмнан аршу, тазалау жұмысы болып отыр.

2-бет.

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!



БАСПАСӨЗ – 2019

2019 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.



Сәріптілікке қарасты газеттерге барлық аудандық редакцияларда және «Сыр медиа» ЖШС-ның баспасөз бөлімінде (С.Бейбарыс көшесі, 4 «А» мекен-жайында) жазылуға болады. Ұжымдық және аталған мекен-жайға келуге мүмкіндігі жоқ оқырмандарға бөлім қызметкерлері барып қызмет көрсететінін еске саламыз.

## КЕЗДЕСУ

# Құсты қанаты, адамды талабы ұшырады

Соңғы жылдары облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың республикалық, халықаралық олимпиада және ғылыми жоба байқауларының жеңімпаздарымен, дарынды жеткіншектермен кездесуі дәстүрге айналды. Кездесу барысында білімге ұмтылған, инновацияға бейім шәкірттер өздерінің жетістігі, таңдайтын мамандықтары туралы ой бөлісіп, аймақ басшысының ақыл-кеңесерінің тыңдайды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.



Кеше облыс әкімдігінде жеңімпаздар мен жүлдегерлер облыс әкімімен кезекті кездесуде бас қосып, қорытындыланғалы тұрған оқу жылында жеткен жетістіктерін ортаға салды. Өткен оқу жылында дарынды оқушылар халықаралық республикалық олимпиадалар мен ғылыми жоба конкурстарына 55 оқушы қатысып, 58 жүлделі орын, атап айтқанда, 15 алтын, 13 күміс, 30 қола медаль иеленді. Бүгінде сырбойлық түлектер Ресейдің, еліміздің жетекші жоғары оқу оры-

дарында білім алуға. Ендігі мақсат – шәкірттерді атакты «Лига плюща» құрамына кіретін университеттерде оқыту. Өйткені өзгермелі уақыттың, жана трендтердің ағысына иелесу үшін осындай асқақ армандарға ұмтылу керек.

Оңір жастарына халықаралық рейтингісі жоғары Гарвард, Йель, Принстон, Колумбия университеттеріне оқуға тәуелі мүмкіндік беретін екі бағыт бар. Біріншісі – Нұр-Сұлтан қаласындағы «Astana Garden School» жеке мектебі арқылы оқыту. Екіншісі – На-

зарбаев зияткерлік мектебі арқылы дайындау. 2016 жылдан бастап Назарбаев зияткерлік мектебінің базасында оқушыларды шет мемлекеттегі іргелі университеттерге түсуге дайындайтын арнайы орталық жұмыс жасайды. Быыл Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің базасынан осы орталықтың филиалын ашу жоспарлануда.

Кәсіпкерлік, дизайн, коммуникация сияқты салаларда жаңа технологияларды енгізуге талапты жастарға

Ресейдің «Кванториум», «Сириус» секілді ірі орталықтардың тәжірибесін меңгерту маңызды. Облыста оқу процесіне STEM-элементтері, робототехника, ғылыми инновациялар мен математикалық модельдеу бойынша білім беретін 46 инновациялық мектеп бар.

Кездесуде дарынды оқушылар Ә.Наушабай, Ж.Кәрібоз, Е.Жақсылық сөз сөйлеп, алдағы жоспарлары туралы айтты. Жыны соңында қатысушыларға «Сыр дарыны» медалі табысталды.



## Зауыттың алғашқы өнімі

Аймақтағы 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асырылған жобаның бірі – «Гезуба Шнелі Цемент» ЖШС. Өткен жылдың желтоқсан айында іске қосылып, алғашқы сынақ өнімдерін түрлі өндіріс орындарына ұсынған зауыт қазір тампонажды цемент өнімін шығаруды бастады. Жұртшылыққа хабарлар етіп жүргеніміздей, зауыт толыққанды жұмыс режиміне көшкен кезде жылына 1 млн тонна цемент өндіруі тиіс. Өнім негізінен атом өнеркәсібі мен газ-мұнай саласына кеңінен қолданылады.

Қазақстан ғана емес, жалпы орта Азиядағы алғашқы тампонажды зауыт – «Дана-ке корпорациясы» мен Қытай мемлекетінің «Гезуба групп цемент» компаниясы бірлесіп қолға алған ауқымды жоба. Жалпы құны 64 млрд теңге болатын өндіріс орнының бас мердігері «Чайна Триумф

Интернэшнл» халықаралық көшбасшы компаниялардың қатарына жатады. Әлемдегі үздік 50 ұлттық кәсіпорын сапында өзіндік орны бар. Зауыт толықтай іске қосылғанда 220 жұмысшы-қызметкер еңбек ететін болады.

– Ал нақты уақытта зауытта 198 адам жұмыс жасап жатса,

оның 160-сы қазақстандықтар, 38-і қытайлық мамандар. Шетелдік мамандар осындағы жергілікті мамандарды өндіріске дайындап болған соң еліне қайтарылады. Әзірге жана жобаға үйрету, тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілуде, – дейді аудан әкімі Ә.Оразбекұлы өз сөзінде.

Шикізат көзі – жергілікті жердегі доломит, әктас және күмі жеткілікті мөлшерде әзірленіп, зауыт басты шаруаға тиянақты дайындықпен кірісті. Өндіріс басшыларының сөзіне қарағанда жуық арада мұнда тәулігіне 2,5 мың тонна тампонажды цемент шығарылады. Жыл соңына дейін 500 мың тонна өнім өндіру межелеп отыр.

Аудан әкімдігі екі мемлекет

арасындағы уағдаластыққа сай зауыт құрылысы орналасқан өндірісті аймақтан 50 гектар жер бөлінген, нақты кезеңде оның 4 гектарына қызметкерлерге арналған жатақхана және басқа да әлеуметтік құрылыстар бой көтерді. Мұнда вахталық әдіспен еңбек ететін жұмысшы-қызметкерлер тұрақтайтын болады. Ал қалған 46 гектарға тиесілі өндірістік ғимараттар орналастырылды.

Облыс басшылығы мен салалық министрліктің жіті назарындағы өндіріс орнының қуаттылығы зор. Бұл аймақ өндірісіне айтарлықтай серпін беретіні анық.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.  
Шнелі ауданы.



## КӘСІП

Қаз – өзге қанаттыларға қарағанда еті бағалы әрі сұранысқа ие құс. Сондықтан кәсіптің көзі деуге болады. Арал ауданы Ақбай елді мекеніндегі құре жолдың сол жақ бетінде орналасқан Гүлнәр Әлібаеваның «Арал-құс» СПК шаруашылығындағы құс еті бүгінде халық сұранысын тудырған өнімге айналды.

Ержан ҚОЖАСОВ.

## Ақбайдың ақ қаздары



Ақбай ауылының іргесіндегі канал суынан жиналған көлшікте қаздың бір тобы жатыр. Айналага қарасаңыз, бәрі жайылымдық жер. «Жаздай осы жерден отықтырып, союға дайындаймыз» дейді кәсіпкер. Күн жылыда пішен мен жантаққа бас қойса, қыста жеммен қоректендіріледі екен. Былтыр 2200 бас қазды ет бағытында жөнелтіпті. Сұраушылар да көп. Сөз басында бұның бағалы құс екенін айтқанбыз. Сөзімізге дәлел болсын, қаз етінің келісі 1500 теңгеден. Мал етінің бағасымен бірдей екен-ау дестік. Айтпақшы, дәмін көрген жұрт қаз етін тұздап, сүрлесе, жылқы етінен кем болмайтынын айтады. Бүгінде Гүлнәр баптаған құс етін көрші облыстардан алып кетіп жатқандар көп. Қаздың қазынасы тек еттен шектелмейді. Балапаны да пайданың көзі. Быыл шамамен 1500-дей шөжені саудалапты. Сонымен бірге, кәсіп несі үйрек бағуды да қолға алған. Кәсіпін келешек кеңейту үшін бұның да әзірленілімін алуды жөн көріпті.

Айта кету керек, Аралдағы жалғыз қаз өсіретін шаруашылық осы ғана. Әзірше бәсекелесі жоқ. Дегенмен, өнімді сату үшін жарнама керек. Сондықтан былтыр жәрменкелерге қатысып, көрші облыстар мен аудандарға хабар тараттық дейді Гүлнәр Әлібаева.

Осы жұмысты қолға аламыз деп Алматыдан арнайы келдік. Туған топыраққа келіп, ісімізді дөңгелетейік, өркендеуіне үлесімді қосайық деген ой болды. Өйтпесе, құсқа қолайлы жер басқа жақтан да табылатын. Төменгі пайызбен 16 миллион теңге несие алдық. Қазір жолдасым, балам үшеуіміз осы кәсіптің соңындамыз, – дейді ол.

Қазір құс фермасында «Линда», «Губернатор» тұқымдас қаздарды өсіреді. Алдағы уақытта тауық пен үйректі де көбейтпекші. Ол үшін тағы 10 миллион теңге несие алғысы келеді. Ауылда монша да, шаштараз да, наубайхана да салу ыңғайлы. Осының бәрін біріктіріп, ортақ нысан ашуға да болады.

Кәсіп болғасын шығын мен өзге мәселе бір мүйістен көрініп тұрады. Кейде судың тапшылығы шаруаға кедергі келтірсе, аумақтың қоршалмауы да қиындық тудырады екен. Өйтсе де, мемлекет берген мүмкіндікті пайдаланған кәсіпкердің ісі бізді қуантты.

Арал ауданы.





САЙЛАУ - 2019

# Сайлау өткізу тәртібі түсіндірілді

Аймағымызға жұмыс сапарымен келген Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Бақыт Мелдешов өңірдегі сайлау комиссияларының мүшелеріне арналған семинар-кеңес өткізді.

Гүлмира ДИЛДӨБЕКОВА.

Орталық сайлау комиссиясы өңірлердегі сайлау уәкелдерінің алдағы Президент сайлауына дайындық барысын пысықтауда. Семинар барысында сайлау ұйымдастырушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндірді. Бұл үшін арнайы оқыту фильмі әзірленді, – дейді ол.

Семинар барысында облыс әкімі аппаратының басшысы М.Демұханов сайлаушылар тізімі бойынша хабарлама жасады. 20 мамырдағы ақпарат бойынша облыста 490898 сайлаушы бар. Өңірде 400-200 Сап орталығы және «Өңірді сайлаушылар тізімінен тексеру» сервисі іске қосылған. Жалпы, аймақта барлығы 2695 сайлау комиссиясы болса, оның 63-і аумақтық, 2632-сі уәкелілік. Бүгінде олар барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Сайлау уәкелдерінде мүмкіндік шектеулі азаматтар үшін жағдай жасауда атқарылып жатқан жұмыс барысын облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары А.Ескераева мәлімдеді.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы А.Жүнісов сайлау өткізуге әзірлік барысы және сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту барысын баяндады. Бүгінде науқанға әзірлік барысы заң шеңберінде жүргізілуде. Президенттікке үміткерлердің облыстағы штаб жетекшілері алдағы сайлау үшін әділ өткізу туралы меморандумға қол қойған.

Аумақтық сайлау комиссиясының 25 мүшесі ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының өңірлік филиалы базасында оқудан өтті. Орталық сайлау комиссиясы сертификаттарын қашықтан оқыту және тестілеу бойынша дайындау шеңберінде сайлау комиссиясының 1090 мүшесі алғанын ерекше атап өткен жөн, – деді А.Жүнісов.

Орталық сайлау комиссиясы аппаратының бас сарапшысы Б.Дармурина сайлау комиссиялары қызметінің кейбір мәселелері бойынша хабарлама жасады.

Семинар түйінде сайлау комиссиясы мүшелерінің сайлау басталғаннан аяқталғанға дейінгі атқаратын қызметтері, құқықтары мен міндеттері арқау болған оқыту фильмі көрсетілді.

# Қауіпсіздік қатаң бақылауда болуы тиіс



Жуырда Шіркейлі каналының бөгеті бұзылып, су жайылу жағдайы орын алды. Бұған байланысты «Қазушар» РМК өңірлік филиалының директоры Болат Арыстанбаев қазіргі таңда қалпына келтіру жұмыстарының жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Бұл ретте аймақ басшысы мұндай жағдайдың қайталанбауы тиіс екендігін, өкімдерге магистральды жолдың бойындағы каналдардың барлығын тексеріп, кезекшілік ұйымдастыру тапсырды. Сондай-ақ, қараша айына дейін зерттеу жұмыстарының нәтижесінде анықталған қауіпті уәкелерге қаржы қарастыруды, алдағы су тасқынына қарсы дайындық шараларын жүргізу үшін материалдық-техникаларды қайта толықтыру мәселесін шешуді жүктеді. Ал, Б. Арыстанбаевқа «Қазушар» РМК облыстық филиалының

теңгеріміне кіретін нысандарға зерттеу және жөндеу жұмыстарын жүргізуді тапсырса, облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Асылбек Шаменовке су тасқыны кезінде бұзылып, шұғыл түрде қалпына келтіруді қажет ететін барлық бөгеттерге жұмыс жүргізу үшін жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, бюджеттік комиссияға ұсыныс беруді міндеттеді.

Басқосуда екінші мәселе бойынша облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Омар Бержанов сөз алып, 2018-2020

жылдары елді мекендерде өрт сөндіру бекеттерін құру және дала, орман өрттерін болдырмау бағытында атқарылған жұмыс нәтижелерімен бөлісті. Сонымен қатар, жазғы кезеңде облыстың су айдындарындағы қауіпсіздік шараларын да тілге тиек етті. Жиын барысында аталған мәселе бойынша облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Айдар Әбуалиев пен аудан әкімдері елді мекендерде өрт сөндіру бекеттерін құру үшін атқарылып жатқан жұмыстар жайлы да мәлімдеме жасады.

Жыл басынан бері облыс бойынша 1 орман өрті оқиғасы орын алған. Дала өрттері тіркелмеген. Ал, суға түсу маусымы басталмай жатып облыс аумағындағы су айдындарында 5 адам қаза болды, оның ішінде 2-і бала екен.

Сырдария өзенінде жылда азаматтардың әртүрлі себептермен қайғылы жағдайларға ұшырауы, оның ішінде жаз айларында судағы адам қазасы өзекті мәселе болып отыр. Негізгі себебі – қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзу. Мәселен, өзен немесе каналдардың кез-келген, әрі зерттелмеген жерлеріне суға түсуі, спирттік ішімдік ішіп түсуі, балалардың ересектердің бақылауынсыз су жағасына баруы мен суға түсуі қайғылы оқиғаларға әкеліп соқтыруда. Оған қоса, суға түсуге қауіпті аймақтарда азаматтардың рұқсат етілмеген жүзу құралдарын қолдануы мен алғашқы көмек көрсету тәсілдерін білмейтіндігі де су айдындарында келенсіз

жағдайлар санының көбеюіне ықпал етуде, – деді Омар Бержанов.

Мұндай оқиғалардың жиі орын алуына өңірдегі демалыс орындарының талапқа сай келмейтіндігі де өз әсерін тигізуде. Бүгінгі күні облыс бойынша 3 жағажай тіркелген. Бір жағажай Шиели кентінде болса, қалған екеуі Қызылорда қаласының аумағындағы Арай шағын ауданы мен Белкөл кентінің маңында орналасқан. Аталған демалыс орындарына көбінесе маңайында тұратын халық қана барады. Ал, тұрғындар шоғырланған Қызылорда қаласында Көксу, ПМК-29, Арал ауданы, Қамыстыбас елді мекеніндегі Қамбаш көлі, Шиели ауданы, Бәйгекүм елді мекеніндегі Ханқожа көлдері талапқа сәйкес емес. Тіпті, жағажай ретінде тіркелмеген. Бірақ бұл демалыс орындарына келіп демалатындар саны жылдан жылға өсіп отыр.

Баяндамашыларды тыңдаған облыс әкімі жиын соңында аудан әкімдері мен басқарма басшыларына тағы да бірқатар тапсырмаларды жүктеді. Олардың қатарында ауылдық округтерде құрылған ерікті өртке қарсы құрылымдардың құралдармен қамтамасыз етілуі, жабайы түрде жұмыс жасап келе жатқан жағажайларға кәсіпкерлерді тарта отырып, талапқа сай етіп, заңдастыру жұмыстарын қолға алу, оған қоса жергілікті полициямен бірлесіп рейд жұмыстарын жүргізу және оқушылар мен студенттер арасында түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру бар.

ПАРАСАТТЫ ПОЭЗИЯ

# Бұл өлең бұрынғыдан өзгереді...

Алдымыздағы аптаның басында, яғни, 27-29 мамыр күндері Қызылордада «Парасатты поэзия» фестивалінің шымылдығы ашылды. Осыған орай, облыстық мәслихат депутаты, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, фестивалдің үйлестірушісі, ақын Шақизада Әбдіқариевті әңгімеге тартқан едік.



– Шақи аға, жұртшылыққа ақындар тойы саналатын шараның негізі туралы айтып өтсеңіз?

– Соңғы жылдары аймағымызда мәдени даму сатысының басқыншы айтарлықтай биікке өрлей бастады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сай ақымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Мұның ондаған мысалын келтіруге болады. Тұрғын үйлер ғана сап түзеу жатқан жоқ, бюджет қаржысымен әлеуметтік мәселелер де қатар шешіліп жатыр. Осы жетістіктеріміздің мәні оның басы-қасында рухани байлыққа жанашыр адамның болуымен байланысты. Облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаев туған жеріміздің мәртебесін мәдениеті мен өнері арқылы да көтере білді.

Осындай фестиваль ұйымдастыру мәселесі де аймақ басшысының ұсынысы бойынша өмірге келген-ді. Өрине, бұл бастаманың мазмұны айқын. Кеңестік дәуірде әдебиет насихатының арнайы бюросы болды. Осы ұйым қазақ ақын-жазушыларын ел ішіне шығарып, халық шаруашылығы мен шығармашылық өкілдерін тығыз байланыстырды. Сол арқылы еңбек адамдарының образын жасаған қаншама романдар мен поэмалар жазылды.

Бүгінде бұл үрдістің жоғалып бара жатқаны жасырын емес. Қарапайым адамдар мен қаламгерлердің арасында алдымен нарық, кейіннен жаһандану деп аталатын жік пайда болды. Бұл бастама осындай келергілердің көбесін сөзге бағытталған. Шын мәнінде ел іші таза шығармашылықтың бал-шырынына шөлдіреулі. Қазақтың жан-дүниесі әсіресе ешқашан да өленнен суымайды. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өленмен жер қойнына кірер денен» деп Абай хакім айтқандай, қазақ пен өлең егіз ұғым.

Айтылған мәселелер тұрғысынан алғанда аймақ басшысының бұл бастамасы – дер кезінде, қажет шағында қолға алынған өмірмен жоба.

Осыдан екі жыл бұрын бірінші фестиваль өткізілді. Оған еліміздің 12 облысынан және туысқан қырғыз ақындары келген еді. Мұнан кейінгі жылы облыс әкімінің тікелей ұсынысымен «Ұлы Дала үні» атты қазақ ақындарының қырғыз тіліндегі жинағын шығардық. О.Сұлтанов, М.Шахановтан бастап қазақтың үлкен ақындарымен бірге осы жинаққа Сыр елінің жинағын шакты ақыны енді. Фестивальдің бірінші күні сол кітаптың тұсауісікері болды.

– **Биылғы фестивальға келушілер тізімі шараның халықаралық сипат ала бастағанын көрсетеді. Мұндай ақымды жинақтардың өтетін орны біраз жұрт үшін еліміздің астанасы немесе Алматы секілді қалалар болып тасталып, бір жақсысы, бізді ақындар аламына Сыр бойының таяндағын қуаныш отыр.**

– «Сыр – Алаштың анасы» демеді ме, Елбасымыз. Демек, түркі елі ақындары Алаштың ту тіккен жерін түгел көрі керек. Сыр бойы – қасиетті мекен. Осы топырақта түркі абызы Қорқыт дүниеге келген. Осы топырақта қазақтың алғашқы астаналарының қабырғалары ғасырлар биігінен қарап тұр.

Өзің де білесің, тұрғыны 400 мыңға толмайтын Витебск қаласы жыл сайын 30-40 елдің өңірлерін жинап, «Славянский базар» фестивалін өткізеді. Демек, ән – осы жердегі белорустардың топырағына сай өнер. Ал, Сыр бойына жиыршылық пен ақындық тән. Алысқа қармай-ақ, осыған дейін үш жылда бір өткізіліп келе жатқан «Қорқыт және Ұлы дала сазы» өнер фестивалін айтақ та өлең-жырдың Қызылордамен табиғаттас екеніне тағы бір көз жеткізіміз. Ендеше, поэзия тойының біздің өлкемізде өткізілуі барлық жағынан орынды бастама деп айта аламыз.

– **Екінші мәрте қарсы алатын ақындарымыз қай жерлерден келемек. Биылғы фестивальға қандай ерекшеліктері бар?**

– Биылғы поэзия дүбіріне Түркия, Қырғызстан, Әзербайжан, Татарстан елдерінен келген ақындармен қатар еліміздің әр аймағынан және өз облысымыздан, барлығы 27 ақын қатысады.

Ақындарды үш топқа бөлдік. Бірінші топ Арал, Қазалы, Қармақшыда, екінші топ Жаңақорған мен Шиелиде, үшінші топ Жалағаш, Сырдария аудандары мен Қызылорда қаласында өнер көрсетеді. Олар өлең оқып қана қоймайды, елмен тікелей жүздесіп, пікірлеседі. Әдеттегідей, мәдениет үйлеріндегі кездесумен шектелмейді, ауыл-ауылды аралап, жырдан шашу шашады. Аймағымыздағы Қорқыт ата кешені, Байқоңыр қаласы, Сығанқ, Сауран секілді жерлер мекендермен бірге киелі орындарды да таманалауға мүмкіндік алады. Бұл сапар ақындардың шабытын шақтытып, жаңа шығармалар туындауға қоғам болатыны анық.

Тағы бір ерекшелігі, биылғы фестиваль Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Ф.Оңғарсынованың – 80, дарынды ақын, сыншы-аудармашы Ж.Әбдірәшиттің 70 жылдығына және тағдыры ақын Әділ Ботпановтың шығармашылығына арналады. Кездесу шараларында қатысушылардан бөлек осы ақындармен қатар өлеңдері оқылады.

– **Ақындар жиналған жерде өлең бәйгесі де болатын шығар?**

– Бәйгеге өлең шабады, ызық өлең талғампаз жұрттың жүрегіне жетеді. Бұл – мұшайра емес, фестиваль. Сондықтан барлық ақынға бір мөлшерде қаламақы белгіленген. Топтардың жұмысын Мұхтар Ниязов секілді белгілі сөз жүйріктері жүргізеді. Сондықтан ақындардың халықпен кездесуі ерекше қызығалықты, әсерлі дәрежеде өтеді деп күтілуде.

– **Бұл өлең тойын жерлестеріміз жыл сайын қызықтай алады деп айта аламыз ыи.**

– Өрине, бұл фестивальдің аясы жыл сайын кеңі береді, мазмұны тереңдей түседі. Шараның негізгі мақсаты – кейінгі ұрпақтың рухани қуатын арттыру, оларды отаншылдыққа, сүйіспеншілікке, сұлулыққа баулу. Біз дәл осы тұста осындай мүмкіндікке жол ашқан облыс әкіміне зор алғыс білдіруге міндеттіміз.

– **Әңгімеңізе рахмет. Поэзия тойы халқымыздың жан-дүниесін қуаныш пен шаттыққа бөлей берсін.**

Әңгімелескен  
Дүсінебек АЙШУЛЫ,  
«Сыр бойы».

# 15940 отбасына 1,7 миллиард теңге

Елбасы тапсырмасына сәйкес 1 сәуірден бастап қоппалалы аз қамтылған отбасыларға берілетін атаулы әлеуметтік көмектің механизмі өзгерді. Облыс бойынша жанарғылған форматтағы атаулы әлеуметтік көмек алуға 33751 отбасы өтініш берді. Олардың 12980-нен өтініш қабылданып, қалғанына кеңес берілді.

Сәуір айында қабылданған өтініштер түгелімен «Е-Халық» ақпараттық жүйесіне енгізілді. Аудандар бойынша сәуір айында атаулы әлеуметтік көмекке қабылданған өтініштер 2 мамырға толығымен тағайындалып, төленді.

Облыс бойынша сәуір айына 15940 отбасына 1,7 млрд теңгеге атаулы әлеуметтік көмек төленді. Соның ішінде 12743 отбасына жанадан тағайындалған атаулы әлеуметтік көмек төленіп, бұрын алып жүрген

3197 отбасының қаражаты қайта есептелді және толығымен төленді.

– Әлеуметтік желілерде кейбіреулер атаулы әлеуметтік көмек тек бірінші тоқсанда ғана төленеді, одан кейін төленбейді деп жазып жатыр. Мен қайталап айтамын, ол жыл бойы төленеді. Бірақ, өзінің ережесіне сәйкес, тоқсан сайын отбасының табысы нақтыланып тұрады, – деді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада жан басына шаққандағы орташа табыс бекітілген келілік шегінен аспайтын адамға немесе отбасына беріледі. Министрліктің ресми интернет ресурсындағы ақпаратқа қарағанда, отбасының жиынтық табысына еңбек-ақы, алимент, жеке қосалқы шаруашылықтан, кәсіпкерлік қызметтен, жылжымайтын мүлікте және қолқұралдарын жалға беруден және саудан, кредиттің (шағын кредитті) пайдаланудан түсетін қаражаттар кіреді.

Қазір жұмыспен қамту орталықтары мен ауыл әкімдері атаулы әлеуметтік көмек алуға мамыр айында жүгінген азаматтардан құжаттар қабылдауда.

«СБ» ақпарат.



ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## АҚШ және Қытай: сауда текетіресі немен аяқталады?

Міне, бірнеше айдың жүзі болды, АҚШ пен Қытай арасындағы сауда текетіресі тағы да ушыға түсті. Сарапшылардың пікірінше, мұның соңы Қытай тарапынан Америка экономикасына инвестицияның күрт төмендеуіне әкеліп соғуы мүмкін. Мамыр айында Қытай валютасы АҚШ долларына қарағанда 2,4 процентке төмендеген. Сөйтіп Пекин АҚШ пен сауда соғысы барысында оған қарсы қатаң жауап қатты.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, екі алып мемлекеттің текетіресі жалпы әлем экономикасының дамуына кері ықпалын тигізеді. Бұл соңғы уақытта АҚШ-тың Қытай тауарларына баж салығын арттыру қадамынан туындаған болатын. Қазір Қытай АҚШ-тың үлкен кредиторы болып табылады. Соған қарамастан, Қытай Америка тауарларына қарсы жауап ретінде баж салығын арттырды. Ол тауарлардың құны 60 млрд АҚШ долларын құрайды. Өзірге екіжақты сауда қатынасын жеңілдетудің алғы шарттары жасалмай отыр. Сарапшылар пікірінше, алдағы маусым айының соңында Жапонияда өтетін әлемнің озық 20 мемлекет басшыларының кездесуінде екі ел лидерлері бұл мәселені талқыға салып оңтайлы шешім қабылдауы мүмкін.

## Қырғызстандықтар уран өндіруге наразылық білдірді

Үстіміздегі жылдың наурыз айында Ресей президенті Владимир Путиннің Қырғызстанға сапары кезінде екі ел арасында Ыстықкөл облысының аумағында уран өндіру және оны қайта өңдеу жөнінде мемлекетаралық келісімге қол қойылған болатын. Аталған құжат үкіметаралық келісімдердің қатарына енгенімен, жергілікті жұртшылық оған онша ықылас танытып отырған жоқ. Үкіметтік емес ұйымдар уран кенішін игерудің қауіпті екенін мәлімдеп, оған қарсылықтарын білдіре бастады. Қоғамдық ұйымдар

өкілдерінің пікірінше, бұл өндіріс жергілікті аумақтық экологиясына үлкен зардаптар әкеледі.

Жергілікті халық арасындағы қарсылықтан кейін Қырғызстан премьер-министрі Мухамбетқали Абулгазиев үкіметтің аталған кен орындағы жұмыстардың тоқтатылатынын мәлімдеді. Осыған орай халықаралық атом энергетикасы ұйымы – МАГАТЭ-ның беделді сарапшылар комиссиясы шақырылатын болды. Комиссия жобаның экологиялық тәуелділігіне қатысты сараптама жүргізіп, тиісті қорытынды жасайды.

## Иран мұнайының экспортына тыйым салды

Соңғы күндері АҚШ пен Иран арасындағы қарым-қатынас ушыға түсті. АҚШ Иранның мұнайдан түсетін табысына мүлдем шектеу қоймақшы. АҚШ президентінің осындай шешімінен кейін әлемдік нарықта мұнай бағасы күрт жоғарылады. Осыған қарамастан, АҚШ басшылығы өзінің Сауд Арабиясымен және Біріккен Араб Әмірлігімен әлемдік рынокта мұнай бағасын реттеуге қатысты тиісті ынтымақтастықты жалғастыра беретінін мәлімдеді. Вашингтон Иранға ядролық

бағдарламаны тоқтатып, Тауау Шығыста террористік ұйымдар деп аталатындарға қолдау көрсетуді доғару жөнінде талап қойып отыр. Қазір екі ел арасындағы қатынас экономикалық санкциялар қатарынан соғыс қаупін туындауға дейін ұласуы мүмкін. Халықаралық сарапшылар осындай алаңдандылықтың білдірумен қатар, жағдайдың бейбіт, өзара мәміле жолымен шешілуі мүмкін екенін жоққа шығармайды.

ЖӘЛМАХАН.







Тағайындау



Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысы Ғалымжан Орыновтың бұйрығымен Нigmatiev Берик Сангильбаевич Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Нigmatiev Берик Сангильбаевич 1977 жылы туған, қазақ білімі жоғары, 1998 жылы Қарағанды экономикалық университетін «бухгалтер-экономист» 2001 жылы осы университетті «арнайы пәндердің оқытушысы», 2016 жылы КАЗГЮУ-ды «құқық бакалавры» мамандықтары бойынша бітірген.

Салық жүйесіндегі қызметін 2003 жылдың ақпан айынан бастаған. Сол жылдың маусым айынан бастап бірқатар бөлімдердің басшысы, 2013 жылы Қызылорда облысы бойынша Салық департаментінің бөлім басшысы, 2018 жылдың қаңтарында Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Жаңақорған ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары, 2018 жылдың шілдесінен бүгінге дейін сол мемлекеттік органның басшысы қызметін атқарған.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

Көңіл шалқытқан кеш

Қызылорда облыстық филармониясының ұйымдастыруымен 21 мамыр – мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай камералық оркестрдің қатысуымен «Өнер. Өмір. Өркеніет» тақырыбында классикалық кеш өтті. Оркестрдің көркемдік жетекшісі Анар Жанбырбаева, бас дирижері Кеулімжай Ботабаев.

Ғазиза ӘБІЛДА.



тың орындауындағы халық әні «Алқоңыр» сияқты таңдаулы музыкалық туындылар көрермен көңіліне тамаша әсер қалдырды.

Сондай-ақ, мерекелік концертте камералық оркестрдің сүйемелдеуімен Франц Шуберт, Бетховен, Иоганн Штраус, Антонин Дворжак сынды әлем

композиторларының шығармалары орындалды.

Концертке сондай-ақ, М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясы симфониялық оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері, халықаралық республикалық конкурстардың лауреаты Әділ Бестембеков дирижерлік етті.

Сыр өлкесінің дарынды перзенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор Батырхан Шөкеновтің туған күніне арналған «Ән деп соққан жүрегі» атты вокалды аспапты ансамбльдердің концерті өтті.

Саябақтағы ән самалы

Концертке «Сыр самалы», «Мереке» вокалды аспапты ансамбльдері және әншінің шығармашылығына қызығушы топтар қатысты. Онда Б.Шөкеновтың салған әндері мен композициялық туындылары орындалды. Сондай-ақ, жеке орындауда республикалық байқаулардың лауреаты Р.Усенов, Г.Бисекенова, Д.Жаманғалиев, А.Науқасовтар кеш несінің «Туған далам» «Гүл Алматы», «Время любви», «Отпусти», «Джулия», «Белая река» сияқты танымал әндерін шырқап, көрермендердің ерекше қошеметіне бөленді.



лығына қатысты сұрақтар қойылып, шараға қатысушылар зор белсенділік танытты.

«СБ» ақпарат.

Пейіште нұры шалқысын

Қадірлі замандасым Мұрат Тоқманұлының анасы Балжан Мызамқызының өмірлік өмір көшінен өтіп, фойден бақпа атанып, жанының мұңа бөккен шақта ауыр қайғыңызға ортақтасып, көңіл қосып білдіреміз.

Әке-шешенің балаларының базарлы шағын ұзағынан көргені кім-кімге де арман ғой! Жан біткеннен жақын асыл жан ардақты Анаңыз жаныңыздан алыстап, мәңгілік сағынышқа айналды. Өткен, қызық-қуаныштыңды бел ортасынан алыстағаны қолға мұң, өзекке өкініш ұялатады. Аман не, Алланың жазғаны?

Әрине, өмірдегі ең қымбат жаннан көз жұзып қалғанда, қайғыңды жеңетін қайрат, мұңдынды кемітетін күш, азадды азайтатын ақыл керек екенін еріксіз мойындайсың.

Ана – пана! Ана – дана! Ана – шуақ! Ана – шырқа! Адам баласының Алланың кейін аса ардақтан, құдіретіне табынатын асылы – аулы Анасы.

Ана – ғұмыр, аштықта сапанауға, тоқтықта асып-тасыпауға, қанағатсыздыққа үйреткен даналық несі. Қазаны оттан түспеген, дастарханынан ас кетпеген, шаңырақтың берекесін кіргізіп, мерекесін тасытқан – Отан.

Ананың қадіріне жеткен жанда арман жоқ шығар. Ана алдындағы парызым өтеді ме деп, мың ойлайып, жүз толғанасын. Анана деген сөбілік борышың – ғұмырлық борыш болар, балкім.

Дүниенің жеті кереметіне айырып бастамас, босағасынан төріне дейін жылылық есеп ыстық ұяда алына асыды. Басына жастығыңды қоятын, түн ұйқысын төрт болып, ақ сүттен дәм беріп, мейірім-шұғынаға бөлейтін бір жан болса, ол – Ана! Бар қылығыңды, бар білместігіңді кешіретін Анаң екенін, Ана құшағының қаншалықты ыстық, Ана мейірімнің қаншалықты молдыр. Ана орының қаншалықты қасиетті екенін Анаңан айрылғанда сезінерің нақ.

Анаңыздың жаныңызды жаннатқа бөлейтін мейірім, «құлыным» деген уәзілі үні қалайша құлағыңызда қалмады?! Сөбілік сағыныш жан жүрегіңізде, ой-санаыңызда қалайша мәңгілікке маздамасын?! Анаңыздың тыныстаған мекені жайлы, пейіштің төрі болсын деген пейілі-ниеті ақ тілеуім бар. Жаратқан нем жар болсын!

Көңіл бірілгін білдіруші: КХА мүшесі, Қарағанды облысы КХА төрағасының орынбасары, Қарағанды облыстық Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы, «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі, Қарағанды облыстық мәслихат депутаты және «Жезқазған бизнес және көлік колледжі» ЖМ ұжымы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Аудан аумағындағы заңдылықтың жай-күйі, халыққа қызмет көрсетудегі уәкілетті органдар қызметінің жағдайы және туындаған мәселелер бойынша заң талаптарын түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағытында Қызылорда облысының прокуроры, аға әділет кеңесшісі Бижанов Нұрлан Дауренұлы 2019 жылдың 23 мамыр күні сағат 15.00-ден 16.00-ге дейін Шиели ауданындағы прокуратура ғимаратында аудан тұрғындарына жеке қабылдау өткізеді.

Сатып аламыз

"Қызылорда Игілігі" корпоративтік қоры көлемі - 65 ш.м., сатып алынған мерзімі - 2019 ж. жел томенді 6 сотықтан кем емес, бағасы - 4 500 000 теңгеден 100 жаңа тұрғын үй сатып алатынын хабарлайды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тоқмағанбетов көшесі 27/68. Тел.: 8/724-27-40-12-14, 8-777-384-10-10. (7-7)

И.ӘБДІКӘРІМОВ атындағы ҚЫЗЫЛОРДА АГРАРЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ

2019-2020 оқу жылына күндізгі, кешкі және сырттай оқу бөлімдеріне оқушылар қабылдайды

- 1405000 - «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану» Біліктілігі: 1405043-«Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану техникі», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 11 сынып 0907000 - «Жылу-техникалық жабдық және жылумен қамтамасыз ету жүйелері» (түрлері бойынша) Біліктілігі: 0907033-«Техник-жылу техникі», оқу мерзімі 2 жыл 10 ай; Келісім-шарт (ақылы) негізінде күндізгі, сырттай, кешкі оқу бөліміне оқушыларды қабылдайды: 1201000 - «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» Біліктілігі: 1201123-«Техник-механик», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 1304000 - «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша) Біліктілігі: 1304073-«Техник-электроник», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 0902000 - «Электрмен қамтамасыз ету» (салалар бойынша) Біліктілігі: 0902033-«Техник-электрик», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай; 1401000 - «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» Біліктілігі: 1401213-«Техник-құрылысшы», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай; 1508000 - «Орман шаруашылығы, бақ-сабақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша) Біліктілігі: 1508063-«Техник-технолог», оқу мерзімі 3 жыл 6 ай; 1502000 - «Агрономия» Біліктілігі: 1502033-«Агроном», оқу мерзімі 3 жыл 6 ай; 1406000 - «Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды монтаждау» Біліктілігі: 1406043-«Техник-механик», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай; 1201000 - «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» Біліктілігі: 1201123-«Техник-механик», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай; 1405000 - «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану» Біліктілігі: 1405043-«Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану техникі», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 1108000 - «Темір-жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша) Біліктілігі: 1108183-«Техник-электромеханик», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 0910000 - «Электр және электр механикалық жабдықтар» (түрлері бойынша) Біліктілігі: 0910053-«Техник-электрик», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 1412000 - «Құрылыс бұйымдары мен құрастырылымдар өндірісі» Біліктілігі: 1412093-«Техник-технолог», оқу мерзімі 3 жыл 6 ай, 2 жыл 6 ай; 1509000 - «Экология және табиғатты қорғау қызметі» (түрлері бойынша) Біліктілігі: 1509033-«Техник-гидромелиоратор», оқу мерзімі 3 жыл 6 ай, 2 жыл 6 ай; 1513000 - «Ветеринария» Біліктілігі: 1513083-«Ветеринарлық-фельдшер-инспектор», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 1502000 - «Агрономия» Біліктілігі: 1502043-«Өсімдікті қорғау агрономы», оқу мерзімі 3 жыл 6 ай, 2 жыл 6 ай; 1504000 - «Фермер шаруашылығы» (бейін бойынша) Біліктілігі: 1504113-«Фермер», оқу мерзімі 2 жыл 10 ай; 1406000 - «Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды монтаждау» Біліктілігі: 1406043-«Техник-механик», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 1411000 - «Көпірлер мен көлік үңгі жолдары» Біліктілігі: 1411013-«Техник-құрылысшы», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 0809000 - «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану» (бейін бойынша) Біліктілігі: 0809223-«Тех-

- ник-технолог», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 0518000 - «Есеп және аудит» (салалар бойынша) Біліктілігі: 0518033-«Экономист-бухгалтер», оқу мерзімі 2 жыл 10 ай, 1 жыл 10 ай; 0802000 - «Мұнай-газ құбырлары мен мұнай-газ қоймаларын салу және пайдалану» Біліктілігі: 0802043-«Техник-механик», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 1232000 - «Шыны талшық және шыныдан жасалған заттар өндірісі» Біліктілігі: 1232183-«Техник-технолог», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 1508000 - «Орман шаруашылығы, бақ-сабақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша) Біліктілігі: 1508063-«Техник-технолог», оқу мерзімі 3 жыл 6 ай, 2 жыл 6 ай; 1203000 - «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» Біліктілігі: 1203093-«Тасымалдауды ұйымдастырушы-техник», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 1303000 - «Теміржол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару» Біліктілігі: 1303043-«Электр механик», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 1401000 - «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» Біліктілігі: 1401213-«Техник-құрылысшы», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 0907000 - «Жылу-техникалық жабдық және жылумен қамтамасыз ету жүйелері» (түрлері бойынша) Біліктілігі: 0907033-«Техник-жылу техникі», оқу мерзімі 2 жыл 10 ай; 1512000 - «Зоотехния» Біліктілігі: 1512103-«Зоотехник», оқу мерзімі 3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай; 1510000 - «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»

- Біліктілігі: 1510043-«Техник-механик», оқу мерзімі 3 жыл 6 ай, 2 жыл 6 ай; 0601000 - «Стандарттау метрология және сертификаттау» (салалар бойынша) Біліктілігі: 0601013-«Стандарттау техникі», оқу мерзімі 2 жыл 10 ай, 1 жыл 10 ай; Оқуға түсуге талапкерлер келесі құжаттар дайындап, тапсыруы қажет: 1. Өтініш; 2. Орта білім, жалпы орта білім туралы аттестат (түпнұсқасы); 3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде №6697 болып тіркелген) флоросуреті қоса берілген 086-У нысанындағы медициналық анамнез (1 және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы); 4. 3x4 сурет – 4 дана фотосурет; 5. Жеке басын куәландыратын құжат (туғандық салыстыру үшін). Қосымша: (қосымша-063Ф), бала денсаулық паспорты (Ф-26), ЖСН. Құжаттар қабылдау мерзімі: Күндізгі оқу бөліміне: 9 сынып - 15.05.2019; 10 сынып - 20.05.2019; Сырттай оқу бөліміне: 11 сынып - 20.05.2019; 12 сынып - 20.05.2019. Колледж мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев, 8. Телефондары: 26-27-05, 26-19-56. Колледж сайты: gkrkatcollege.kz Электрондық пошта: ivcn@mail.ru (ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаментінен 2017 жылдың 26 маусымында № КЗ17ЛА00009595 лицензиясы берілген)

КІРІШ САТЫЛАДЫ
Қызылорда қаласында украиндық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады.
Тел.: 8 777 058 24 69, 8701 335 96 50. (4-1)

ЖЕР.ИЕҢКЕ.ӨТТЕДІ
Ағымдағы жылдың 25 мамыры күні Шиели ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен облыс орталығының төмендегі шағын аудандарында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді. Жәрмеңке өткізу уақыты 09.00-ден 13.00-ге дейін.
Өтетін орны: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті (Орталық алаң).

ХАБАРЛАМАЛАР
«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ «Арысқұм кен орнын игеру жобасының» «Қоршаған ортаға тигізетін әсерін алдын ала бағалау» жобалық құжатын мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізуге 120008, ҚР, Қызылорда к., Желтоқсан көшесі,150, телефон 8 (7242) 23-02-44 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысы бойынша Экология департаментінің қарауына ұсынылатындығын хабарлайды. Барлық сұрақтар бойынша төмендегі адреске хабарласуға болады: Татьяна Мигунова. e-mail: tatyana.migunova@nipi.kz тел. 8 (7292) 600208 вн:113.

«ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» ҚФ «Оңтүстік-Шығыс Досжан кен орнын игеру жобасы» құжаттың «Қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау» жобалық құжатын мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізуге 120008, ҚР, Қызылорда к., Желтоқсан көшесі,150, телефон 8 (7242) 23-02-44 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысы бойынша Экология департаментінің қарауына ұсынылатындығын хабарлайды. Барлық сұрақтар бойынша төмендегі адреске хабарласуға болады: Дана Альдешева. e-mail: alded1@nipi.kz тел: 8 (7292) 600208 вн:258.

Палубалы шағын көлемді кемелер және өзен кемелер иелерінің назарына
Қызылорда облысы бойынша көліктің бақылау инспекциясы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қосымша қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 24.05.2018ж. №156-VI ҚР Заңымен «ішкі су көлігі туралы» Заңына өзгеріс енгізіліп, 2018 жылғы 8 маусымнан бастап палубалы шағын көлемді кемелерден басқа шағын кемелерге техникалық байқау жүргізілмейтіні ескертеді.
Осыған орай, палубалы шағын көлемді кемелерге және өзен кемелеріне техникалық байқауды жүргізу үшін кеме иелері ҚР Кеме тіркелімі (Регистр судохостства) мекемесіне өтініштерін ұсынулары қажет.
Сұрақтар бойынша Қызылорда облысы бойынша көліктің бақылау инспекциясына хабарласуға болады.
Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Дүзев көшесі 24А, телефон: 29-00-15, e-mail: ktkt.kz@mail.ru

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы және облыстық ардагерлер кеңесі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Жұмаділдаева Наталья Васильевнаға қайты атады
Батырбек Жұмаділдаевтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы және облыстық қоғамдық кеңесі «Достық – жер» ЖШС директоры, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі Арифов Миллер Шакиззаулының кенеттен қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, облыстық қоғамдық кеңес, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы облыстық жолшыұшылар көлігі және автомобиль жолдары басқарма басшысының орынбасары Мұрат Тілеуімбетовке жесі
Тілеуімбетов Жолкелді Нұрадидің қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Қарағанды облыстық Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Алтынбеков Бекзат Қомарұлы және «Жезқазған бизнес және көлік колледжі» ЖМ ұжымы Мұрат Тоқманұлына анасы
Балажан Мызамқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.